



29.1.2021

# Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



Әл-Фараби кітапханасы

## ҰЛЫ АҒАРТУШЫ, ҰСТАЗ - ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды.

Ыбырай Алтынсаринның 180 - жылдығына арналған «Ұлы ағартушы, ұстаз - Ыбырай Алтынсарин» атты виртуалды кітап көрмесі дайындалды. Көрменің мақсаты белгілі қазақ жазушысы және ағартушысының шығармашылығымен оқырмандарды кеңінен таныстыру.


Ыбырай Алтынсариннің көрмеге қойылған повестері мен әңгімелері, ертегілері мен өлеңдері, шығармашылығы мен педагогикалық қызметі туралы қызық ақпараттар оқырман көңіліне ұсынылады. Әсіресе, «Кел, балалар оқылық», «Таза бұлақ» «Өнер-білім бар жұрттар», «Ыбырай Алтынсарин Шәкәрім Құдайбердіұлы», Ә.Сыдықовтың «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі», Ә.Ламашевтің «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары», Ә.Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсарин» және т.б көптеген әдебиеттер ұлы ағартушы туралы кітаптар ұсынылады.



**Кітаптар саны: 34**

**Оқытушылар назарына:** [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)



|   |   |  |
|---|---|--|
|                                        | <p><b>Алтынсарин Ы. Ыбырай.</b><br/> <b>Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-Ул Ислам: монография / Ы. Алтынсарин.</b><br/> - Алматы: ТПО "Қаламгер", 1991. - 79,[1] б.</p> <p>Ислам діні – қазақтың қанына сіңіп, қалпын түзеген, дәстүрі мен салтына кірігіп үйлесім тапқан, ұлттың ұйытқысына айналған жан айнасы. Мұның дәлелі – «Бір Алланың атымен, Кел, балалар оқылық» деп елді білім, ғылым жолына шақырған Ыбырай атамыздың қолыңыздағы кітабы. Үшбу кітап - дінге ден қойған мұсылман қауымның шариғат шарттарын танып білуіне септігі зор. Аталмыш еңбекте - Алласына бет бұрған ербір пенденің парыздары мен таным білімін кәркейте түсетін пікірге толы. Тілі жатық, түсінікке оңай жазылған.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
| <p style="text-align: center;">Н</p>  | <p><b>Алтынсарин, Ы.</b><br/> <b>Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар / Ыбырай Алтынсарин.- Алматы: Раритет, 2008.- 207, [1] б.- (Балалар әдебиеті).</b></p> <p>Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің бұл жинағында әңгімелері, өлеңдері, орыс ағартушыларымен жазысқан хаттары, этнографиялық очерктері берілген.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |

|   |  |  |
|---|--|--|
|    | <p><b>Алтынсарин, Ыбырай.</b><br/> <b>Кел, балалар оқылық: өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар / Ы. Алтынсарин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 162, [6] б.</b></p> <p>Бұл жинаққа халқымыздың аса көрнекті ағартушысы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің әңгіме, өлеңдері мен этнографиялық очерктері топтастырылған. Жаңашыл педагогтің жастарды білім алуға, өнерге, ғылым жолына түсуге үндеген ой-тұжырымдары бүгінгі оқырмандары үшін де өзекті екені анық.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Алтынсарин Ы. Ыбырай.</b><br/> <b>Әңгімелер: монография / Ы. Ыбырай. Алматы, 1980</b></p> <p>Бұл жинақта Ыбырай алтынсаринның мектеп программасына енген әңгімелер құрастырылды. Сонымен қатар жинақта ұлы ағартушының педогогикалық ой пікірлерін баяндайтын кейбір хаттары да берілді.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Алтынсарин Ы.</b><br/> <b>Таңдамалы шығармалар/ Ыбырай Алтынсарин; Ред. алқасы. Ш. Сәтбаева (жауапты ред.) және т. б.; ҚР Ұлттық ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты.- Алматы: Ғылым, 1994.- 284, [1] б.</b></p> <p>Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі — Ыбырай Алтынсариннің ұлтымыздың мәдениет тарихында алар орны ерекше. Ол — жазба әдебиетіміздің проза мен поэзия жанрларында айырықша із салған қаламгер ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралдары мен әдістемелік еңбектердің де авторы, әрі қазақ ауыз әдебиетінің сындарлы жинаушысы</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |




|   |   |  |
|---|---|--|
|    | <p><b>Алтынсарин, Ы. Қазақ хрестоматиясы: монография / Алтынсарин, Ыбырай (Ибраһим). - Алматы : Білім, 2003. - 111, [1] б.</b></p> <p>Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») 1879 жылы, бұдан 124 жыл бұрын Орынбор қаласында жарияланған. Осы кітапта Ыбырай Алтынсариннің төл шығармалары мен қазақ халық әдебиетінің озық үлгілері және Европа классикасы көркем әдебиетінің аудармалары өлең сөз түрінде берілген. Кітапқа енгізілген көркем шығармалардың басты идеялары: адамгершілік пен еңбексүйгіштік, әдептілік пен инабаттылық, зейінділік пен зеректілік және ата-ана, ел мен жерге деген сүйіспеншілік.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Ыбырай Алтынсарин : ғұмырнама: ғылыми-зерттеу мақалалар / ҚР Білім және ғылым м-гі, ПМПИ; [бас ред. А. Нухұлы]. - Павлодар : ПМПИ, 2017. - 1 т. - 386 б.</b></p> <p>Жинаққа Ыбырай Алтынсариннің өскен ортасы ұстаздары, шәкірттері мен ізбасарлары, ағайын-туыстары, қызметтес достары туралы зерттеу мақалалар қамтылған. Бұл кітап Ы. Алтынсариннің мұрасын зерттеушілер мен ізденушілердің қажетіне арналған. Сондай-ақ, Ыбырай Алтынсарин мұрасына қызығушылық танытқан оқырмандарға да ұсынылады.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Ыбырай Алтынсарин – педагог, ағартушы: ғылыми-зерттеу мақалалар / ҚР Білім және ғылым м-гі, ПМПИ; [бас ред. А. Нухұлы]. - Павлодар : ПМПИ, 2017. - 2 т. - 377 б.</b></p> <p>Жинақта ыбырайтанудың үш кезеңін қамтитын: Қазан төңкерісіне дейінгі, Кеңестік дәуір және Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық аңсарына, педагогтік қызметіне қатысты зерттеушілер мен ғалымдардың кезеңдік, дәуірлік көзқарастағы әртүрлі әдеби-сын және зерттеу мақалалары қамтылды. Жинақ Ы. Алтынсариннің мұрасын зерттеушілердің, ізденушілер мен студенттердің қажетіне арналған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |




|   |   |  |
|---|---|--|
|  <p>Ыбырай Алтынсарин<br/>және қазақ жазба<br/>әдеби тілі</p>        | <p><b>Ыбырай Алтынсарин және қазақ жазба әдеби тілі: ғылыми-зерттеу мақалалар / ҚР Білім және ғылым м-гі, ПМПИ; [бас ред. А. Нухұлы]. - Павлодар : ПМПИ, 2017. - 3 т. - 323 б.</b></p> <p>Кітапта Ыбырай Алтынсариннің қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ретіндегі рөлін көрсететін ғалымдардың ғылыми зерттеу және әдеби-сын мақалалары топтастырылды. Жинақ Ы. Алтынсариннің мұрасына қызығушылық танытушы жалпы оқырмандарға және ізденушілер мен студенттерге ұсынылады.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  <p>Ыбырай Алтынсариннің<br/>қоғамдық-әлеуметтік<br/>көзқарасы</p>  | <p><b>Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы: көркем шығармалар және зерттеу мақалалар / ҚР Білім және ғылым м-гі, ПМПИ; [бас ред. А. Нухұлы]. - Павлодар : ПМПИ, 2017. - 4 т. - 265 б.</b></p> <p>Жинақта кеңестік дәуір мен Тәуелсіздік жылдары жарық көрген Ыбырайдың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық, дінифилософиялық т. б. көзқарастарын саралаған авторлардың әдеби-сын және зерттеу мақалалары қамтылған. Кітап Ыбырай мұрасына қызығушылық танытатын барлық оқырман қауымға арналған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  <p>Ыбырай Алтынсариннің<br/>көркем шығармалардағы<br/>бейнесі</p> | <p><b>Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалардағы бейнесі : ғылыми-зерттеу мақалалар / ҚР Білім және ғылым м-гі, ПМПИ; [бас ред. А. Нухұлы]. - Павлодар : ПМПИ, 2017. - 5 т. - 319 б.</b></p> <p>Жинақта көрнекті ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің көркем бейнесі сомдалған шығармалар қамтылған. Кітапта Ғафу Қайырбековтің «Дала қоңырауы» поэмасы, Мұсатай Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесасы, Жайсаңбек Молдағалиевтің «Ұстаз жолы» романы және т.б. шығармалар беріліп отыр. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин мұрасына қызығушы оқырмандарға да ұсынылады.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|   |   |  |
|---|---|--|
|    | <p><b>Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы: монография / Бас ред. Б. Аяған. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 630,[2] б.</b></p> <p>Бұл кітап «Тұлғалар» топтамасы аясында басылған. Жинақтың бірінші бөлімі Ыбырай Алтынсарин, ал екінші бөлімі Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған. Ұлы Шәкәрім жайлы бөлімінің бірінші тарауы - толықтай дананың өмірбаяны.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Алтынсарин Ибрай. Избранные произведения: сборник / И. Алтынсарин ; АН КазССР, Ин-т истории, археологии и этнографии. - Алма-Ат : АН КазССР, 1957. - 465 с.</b></p> <p>Предлагаемые вниманию читателя «Избранные произведения» охватывают не все творческое наследие Алтынсарина, однако в известной мере характеризуют его просветительскую деятельность. На русском языке они издаются впервые. «Избранные произведения» его на казахском языке были выпущены в свет Институтом истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР в 1955 году. Для издания полного собрания трудов просветителя необходимо продолжение работы по сбору и систематизации материалов его творческого наследия. Институт истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской С Р предполагает осуществить это в недалеком будущем.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Алтынсарин Ибрай. Чистый родник: рассказ: для детей младшего шк.возраста / И. Алтынсарин. - Алма-Ата: Жалын, 1990. - 12 с.</b></p> <p>Рассказ для детей младшего школьного возраста.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|   |   |  |
|---|---|--|
|    | <p><b>Алтынсарин Ибрай.</b><br/> <b>Рассказы: сборник / И. Алтынсарин. -</b><br/> <b>Алма-Ата: Жазушы, 1971. - 56 с.</b></p> <p>В настоящий сборник вошли рассказы Ибрая Алтынсарина, написанные им для детей. В них говорится о смелости и находчивости, о трудолюбии и скромности детей бедняков, о хвастливости и трусости байских детей.</p>  | <p><a href="#">Заказать<br/>онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Алтынсарин Ибрай.</b><br/> <b>Собрание сочинений: в 3-х т. / И.</b><br/> <b>Алтынсарин ; АН КазССР, Ин-т истории,</b><br/> <b>археологии и этнографии им. Ч. Ч.</b><br/> <b>Валиханова. - Алма-Ата : Наука, 1975. Т.</b><br/> <b>1. - 359 с.</b></p> <p>В первый том Собрания сочинений вошли художественные произведения Алтынсарина, образцы устного народного творчества, собранные им, руководство по изучению русского языка, составленное просветителем, материалы к его творческой биографии.</p>  | <p><a href="#">Заказать<br/>онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Алтынсарин Ибрай.</b><br/> <b>Собрание сочинений: в 3-х т. / И.</b><br/> <b>Алтынсарин ; АН КазССР, Ин-т истории,</b><br/> <b>археологии и этнографии им. Ч. Ч.</b><br/> <b>Валиханова. - Алма-Ата : Наука, 1976.Т.</b><br/> <b>2. - 423 с.</b></p> <p>Во второй том Собрания сочинений Ибрагима Алтынсарина вошли его труды по этнографии, истории социально-экономического положения и политического строя Казахстана в пореформенную эпоху, произведения по педагогике и учебно-методические разработки. Особое место занимают рукописи о развитии народного образования в крае, о строительстве школ, воспитании и обучении детей русского и казахского населения, материально-техническом обеспечении и т.п.</p> | <p><a href="#">Заказать<br/>онлайн</a></p> |




|   |   |  |
|---|---|--|
|    | <p><b>Алтынсарин Ибрай.</b><br/> <b>Собрание сочинений: в 3-х т. / И.</b><br/> <b>Алтынсарин. - Алма-Ата : Наука, 1978. Т. 3. - 352 с.</b></p> <p>В третьем томе публикуется письма И. Алтынсарина, адресованные отдельным лицам – профессору ориенталисту Н.И. Ильминскому, инспектору «инородческих» школ Оренбургского учебного округа В.В. Катаринскому и учителям русско-казахских школ. Кроме того, в книгу вошли деловые бумаги И. Алтынсарина и переписка с отдельными официальными лицами и учреждениями – Оренбургским учебным округом, тургайским областным правлением и др.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Алтынсарин Ы. Ыбырай.</b><br/> <b>Өнер-білім бар жұрттар : өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер / Алтынсарин, Ыбырай. - Алматы : Жалын, 1991. - 237,[3] б.</b></p> <p>Кітапқа Ы. Алтынсариннің өлеңдері, әңгімелері, аудармалары, сондай-ақ халық аузынан жинаған ертегілері енгізілді. Жинақ мектеп бағдарламасына сәйкес құрастырылды. Мектеп оқушылары мен көпшілік қауымға арналған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Алтынсарин Ы.</b><br/> <b>Екі томдық шығармалар жинағы/ Ыбырай Алтынсарин; Ы. Алтынсарин.- Алматы: Қазығұрт, 2003.</b></p> <p>Қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, ғалым-ұстз, ақын, әрі аудармашы Ыбырай Алтынсариннің екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына оның өлеңдері, әңгімелері, этнографиялық еңбектері мен ғылыми- әдістемелік мұралары енген. Бұл жинақты мектеп оқушылары, бакалаврлар мен магистранттар, аспиранттар мен ғылыми ізденушілер қосымша оқу құралы ретінде пайдалана алады.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|   |  |  |
|---|--|--|
|    | <p><b>Алтынсарин Ыбырай</b><br/> <b>Таңдамалы шығармалар/Алтынсарин, Ыбырай; Құраст. баспаға дайындаған Б.С. Сулейменов; Қаз.ССР ҒА тарих, археология және этнография ин-ты. - Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1955. – 415 б.</b></p> <p>Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі — Ыбырай Алтынсариннің ұлтымыздың мәдениет тарихында алар орны ерекше. Ол — жазба әдебиетіміздің проза мен поэзия жанрларында айырықша із салған қаламгер ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралдары мен әдістемелік еңбектердің де авторы, әрі қазақ ауыз әдебиетінің сындарлы жинаушысы</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Ақынжанов, М.</b><br/> <b>Ыбырай Алтынсарин: (лекторларға жәрдем ретінде) / Мұсатай Ақынжанов; ҚазССР м-лер советі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері істерінің ком., Орталық лекция бюросы.- Алматы: [Б. ж.], 1953.- 29, [2] б.</b></p> <p>Ыбырай Алтынсаринның төрт актылы, сегіз суретті пьесасы жайлы баяндалған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Елемесова, Жамила Тоқтарбековна және т. б.</b><br/> <b>Ғұлама ағартушы-ғалым: Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жыл / Жамила Тоқтарбековна және т. б Елемесова; Ж. Т. Елемесова, А. Р. Ахманов, Б. А. Марданова.- Алматы: МГП "Шарапат", 1991.- 59, [1] б.</b></p> <p>Ғұлама ғалымның туған халқының қамы, әлеуметтік дамуы тұрғысында сіңірген еңбегінің өз заманындағы қазақ зиялыларымен үндестігі баяндалған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|  |   |  |
|--|---|--|
|   | <p><b>Дербісәлин, Ә.Ж.</b><br/> <b>Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы/ Әнуар Жақсығалиевич Дербісәлин.- Алматы: Қазмемокупедбас., 1957.- 115, [1] б.</b></p> <p>Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы баяндалған.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Дербісәлин, Ә.</b><br/> <b>Ыбырай Алтынсарин: өмірі мен қызметі туралы / Әнуар Дербісәлин.- Алматы: Қазақстан, 1965.- 226 б.</b></p> <p>Қазақ халқының XIX ғасырдағы аса көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчествосына арналған бұл еңбек оның сан қырлы талантын түгел қамтуға ұмтылған бірінші үлкен зерттеу боп табылады. Кітапта ағартушының өмірі мен қоғамдық-әлеуметтік қызметі туралы көптеген соңы деректер келтіріледі, оның кәркем әдебиет пен кәркем аударма және халық ағарту саласындағы тұңғыш сәтті қадамдары кеңінен баяндалады, қазақтың реалистік бағыттағы жазба әдебиетін қалыптастырудағы еңбегі айрықша атап көрсетіледі, сондай-ақ публицистика саласындағы еңбектері де толық талданады.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |






|   |  |  |
|---|--|--|
|    | <p><b>Дербісәлин, Ә.</b><br/> <b>Ыбырай Алтынсарин: [деректі баян] /</b><br/> <b>Әнуар Дербісәлин; Ә. Дербісәлин.-</b><br/> <b>Алматы: Арда, 2005.- 214, [2] б.</b></p> <p>Автор ұлы ағартушының өмірі мен творчествосын ұзақ жылдар зерттеп, ол өскен ортаны, қазақ мектептерін ашу, оқулықтар жазу, қазақ алфавитін жасау жолындағы ағартушылық қызметін, балалар әдебиетінің негізін салудағы қазақ әңгімелерінің бастаушысы ретіндегі жазушылық еңбегінің тарихи, әдеби деректерге сүйеніп, тартымды баяндайды.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Джумагулов, Каскенбай Танасьевич.</b><br/> <b>Ибраһим Алтынсарин и развитие культуры казахского народа/Джумагулов, Каскенбай Танасьевич; К.Т.Джумагулов.</b><br/> <b>- Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 204 с.</b></p> <p>Настоящее издание является дополненным переизданием книги этого же автора «Ибраһим Алтынсарин» (Ташкент, 1975). Кроме анализа и оценки творчества Алтынсарина, автор раскрывает его роль, место в развитии казахской культуры. Показана историческая заслуга Алтынсарина в просвещении казахского народа, в приобщении его к передовой демократической русской культуре.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Джумагулов К.Т. Ибраһим Алтынсарин.</b><br/> <b>Предисл. проф. Х.Х. Махмулова. –</b><br/> <b>Ташкент: Изд. литературы и искусства им. Г. Гуляма, 1975. – 160 с.</b></p> <p>Книга посвящена анализу и оценке творческой и общественной деятельности одного из основоположников казахской литературы второй половины XIX века Ибраһим Алтынсарина.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|   |  |  |
|---|--|--|
|    | <p><b>Ламашев, Ә.</b><br/> <b>Ыбырай Алтынсарин: (Семинарий) /</b><br/> <b>Әсет Ламашев.- Алматы: Ана тілі, 1991.-</b><br/> <b>120 б.</b></p> <p>Қазақ педагогикасының негізін қалаушы, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсаринның өмірі мен творчествасын, оның оқыту жүйесінің мазмұнын, қалыптасу және даму жолы қамтиды.</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Ламашев, Ә.</b><br/> <b>Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары: (Тарихи очерктер) /</b><br/> <b>Әсет Ламашев.- Алматы: Қазақстан, 1988.- 181, [1] б.</b></p> <p>Бұл еңбекте қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің және оның орыс достары мен ізбасарлары – В.В. Григорьевтің, Н.И. Ильминскийдің, А.В. Васильевтің, А.Е. Алекторовтың, Я.П. Яковлевтің, С.В. Чичеринаның тағы басқаларының өмірі, олардың қазақ даласында оқу-ағарту жұмысын ұйымдастыру жөніндегі еңбектері нақты деректерге негізделі отырып баяндалады.</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Сыдықов, Ә.С.</b><br/> <b>Ы. Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі/</b><br/> <b>Әміржан Сыдықұлы Сыдықов; Ред. басқ. Бекмаханов.- Алматы: Қазмемоқуқұралдбас., 1950.- 188 б.</b></p> <p>Бұл монография 19 ғасырдың екінші жартысындағы «шетелдік білім беру» жүйесі қалыптасқан кездегі қазақ халқының әлеуметтік-тарихи және мәдени өмірі аясында Алтынсариннің барлық ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастарын талдауға және бағалауға арналған.</p>   | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |



|   |  |  |
|---|--|--|
|    | <p><b>Ситдыков А. С.</b><br/> <b>Педагогические идеи просветительная деятельность И. Алтынсарина: монография / НИИ шк. М-ва просвещения Каз. ССР; Под ред. Е. Бекмаханова. - Алма-Ата : Учпедгиз, 1949. - 194,[6] с.</b></p> <p>Данная монография посвящена анализу и оценки всей просветительской деятельности и педагогических взглядов Алтынсарина на фоне общественно-исторической и культурной жизни казахского народа во второй половине XIX столетия, когда впервые складывалась система "инородческого образования".</p> | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|   | <p><b>Сыдықов, Ә.С.</b><br/> <b>Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі/ Әміржан Сыдықұлы Сыдықов; Ред. басқ. Ә. Сембаев.- Орыш. 2-бас.- Алматы: Мектеп, 1969.- 156 б.</b></p> <p>Бұл монография 19 ғасырдың екінші жартысындағы «шетелдік білім беру» жүйесі қалыптасқан кездегі қазақ халқының әлеуметтік-тарихи және мәдени өмірі аясында Алтынсариннің барлық ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастарын талдауға және бағалауға арналған. алғаш рет құрылды.</p>                           | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |
|  | <p><b>Қайырбеков, Ғ.</b><br/> <b>Дала қонырауы: Ы. Алтынсарин өмірінен кітап / Ғафу Қайырбеков.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1957.- 179 б.</b></p> <p>Ыбырай Алтынсаринның өмірінен алынған кітап</p>  | <p><a href="#">Заказать онлайн</a></p> |